

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК**



**«ПРОФЕССОР С. М. ЖАҚЫПОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ**



МАТЕРИАЛЫ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ «ПРОФЕССОР С. М. ДЖАКУПОВ И
РАЗВИТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ»**

28 апреля 2015 года

АСТАНА - 2015

УДК 159.9 (091) (574)

Редакционная коллегия

Шалгынбаева К.К. – доктор педагогических наук, профессор
Ерментаева А.Р. – доктор психологических наук, профессор
Бекова Ж.К. – кандидат психологических наук, доцент
Мандыкаева А.Р. - кандидат психологических наук, доцент
Байсарина С.С. - кандидат педагогических наук, доцент

«Профессор С.М. Джакупов и развитие психологической науки в Казахстане»: Сб. статей
Республиканской научно – теоретической конференции (г.Астана 28 апреля 2015г.)
– Астана: ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2015. – 219 с.

ISBN 978-601-7429-81-2

В настоящий сборник включены материалы Республиканской научно – теоретической конференции «Профессор С.М. Джакупов и развитие психологической науки в Казахстане» (г.Астана 28 апреля 2015г.). – 243 стр.
Материалы предназначены для молодых ученых, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов.

ISBN 978-601-7429-81-2

© ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2015

7. Осницкий А.К., Чуйкова Т.С. Саморегуляция активности субъекта в ситуации потери работы//Вопросы психологии. 1999 №1. С. 92-104.
8. Турецкая Г.В. Страх успеха: психологическое исследование феномена// психологический журнал. 1998. №1. С. 37-47.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ

Тұрманова Жаңагүл Егембердіқызы

Әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, ҚАЗГЗУ
Астана қаласы, Қазақстан

Психология ғылымының көмегіне сүйенудің әрбір жеке тұлға үшін маңызы ерекше. Себебі, адам белгілі бір қоғамның мүшесі бола отырып, өмірден өз орнын табуға, тіршілікті қадірлей білуге, оның мән-мағынасын терең тануға ұмтылады. Осы ұмтылыс маңайындағы оны қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынас орнатуға, соған сай мінез қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сөйтіп, тұлға күрделі тұрмыстың түрлі жағдайларын басынан кешіре бастайды. Осы жерде сенім телефоны- психологиялық жәнеәлеуметтік маңызды қызметтердің бір түрі ретінде осындай мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Сондай ақ, кеңесші-маманмен анонимді телефонмен әңгіме жүргізу мүмкіндігін ұсынады. Сенім телефонының кәсіби әрекетінің эффективтілігі контент-талдам әдісінің көмегімен сараптамалық бағалаудың объективтік көрсеткіштерімен анықталды. Осы тақырып сенім телефонындағы кеңес берушінің кәсіби және тұлғалық сапалары кеңес берудің сәтті әрекетінің нәтижесіне әсерін тигізетінін көрсетіледі.

Сенім телефонына арналған әдебиеттер шағын болғанымен, ол өзінің дамуы мен қалыптастыруын шектеген емес. Сенім телефонындағы кеңес берудегі проблемаларына назар аударып, өздерінің теориялық және практикалық ұсыныстарын жасағандар Ресейлік ғалымдар А.Г.Амбрумова, А.Н.Моховиков, А.Г.Повереннова, А.В.Скворцов, Т.В.Снегирева, М.Полеев, И.В.Чурилин т.б. болды. Батыс психологиясының өкілдері Алан Е., Айви Мэри Б., Линк Саймэн-Даунинг, Альфред Ваннесе болып табылады. Олардың басты назары кеңес беру байланысына түскендер проблемалық ситуацияларының негізгі тәсілдері мен стратегияларын анықтаған, оны С.В.Хачутуряның жұмыстарында ерекше көрсетілген [1].

Жалпы сенім телефонындағы әдебиеттер абонентпен әрекет ету тәсілін талдауға, абоненттің проблемаларын қарауға, классификациялауға арналған. Дегенмен сенім телефонындағы «субъект - кеңес беруші», сенім телефонының қызметкерінің қал жағдайы абоненттен де маңыздырақ. Абонентпен байланысты орната алуы және оның экзистанталді кездесуі сенім телефонныңдағы кеңес берушінің мамандық және тұлғалық сапасына тәуледі. Психолог-кеңес беруші адам өміріндегі түрлі өзгерістерді, ауыртпалықтарды, дағдарыстар мен стресс жағдайларын жеңуге көмектеседі, дұрыс шешім қабылдауға жетелейді.

Қазақстанда телефонмен кеңес берудің кейбір алғышарттарын ұсынғандар көп жағдайда қолдау көрсету орталықтарының мамандары мен ғылыми еңбектерін ұсынған оқытушы ғалымдар. Солардың ішінде, К.К.Базарбаева қарым-қатынас психологиясы бойынша арақашықтықта сөйлесу мәселелерін [2, 51б.], А.М.Айтышева, Қасымова Г.Е., Абдраманова Д.Е. Ауталипова У.И. және т.б. психологиялық кеңес берудің әдіснамалық мәселелерін ұсынып талқылағын [3].

Қазақстан «Сенім телефоны» қызметі мен оның тиімділігі даму жолында. Қазақстанның Денсаулық сақтау және халыққа қызмет көрсету жүйесі, қазіргі таңда елімізде тұратын әр азаматқа әлеуметтік-психологиялық көмек беруді қолға алуда. Мемлекетіміздің экономикасы мен әлеуметінің өзгермелілігі көптеген дағдарысты

проблемалар халықтың психологиялық болмысына өз әсерін тигізуде. Сондықтан Қазақстанның әр азаматына өз бастарындағы отбасылық жанжалдар, тұрмыстағы жалғыз бастылық, психологиялық жалғыздық, ұжымдағы шиеленістер, жұмыстағы психологиялық проблемалар, стресстік жағдайлар, суицидтік әрекеттер, қорғансыздық, қоғамда бейімделе алмаушылық, зиянды заттарға тәуелділік, діни ағымдарға барудағы мәжбүрлік, тұлғаға көрсетілген зорлық-зобылықтағы әрекеттер мемлекеттің өзгерісіне алып келеді[4, 148б.].

Демек, Қазақстанның әр азаматына әлеуметтік-психологиялық көмек беру ұйымдары, орталықтары, психологиялық кеңес беруде «Сенім телефонының» қызметтері ашылып даму үстінде. Дегенмен, «Сенім телефонында» жұмыс істейтін кеңес беруші өзі тарапынан белсенді болған сайын ол кәсіби қызметін де эффективті етіп көрсетеді, бірақ бұл пікірталасты тудырады. Яғни, сенім телефонында кеңес берушілердің кәсіби және тұлғалық сапаларының басты кілті: өмірлік белсенділік, өзін өзі өзектендіру, эмпатия, аутикалық сияқты сапалармен тікелей байланысты десек, онда бізге «Сенім телефонындағы» кеңес берушінің өзін-өзі өзектендіруге бағыттылығы жоғары болған сайын оның кәсіби қызметі эффективті болатындығын дәлелдеу қажет. Осы тақырыптың басты мақсаты сенім телефонымен кеңес берушінің қызметінің тиімділігін ашу, сенім телефонында жұмыс істейтін қызметкерлердің эффективті немесе тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін кәсіби және тұлғалық сапаларын анықтау және сипаттау болып отыр. Ол үшін келесідей зерттеу міндеттерін алға қойып, жұмыс істеу керек. Атап айтқанда: біріншіден, сенім телефонындағы кеңес берушінің эффективті жұмысына мүмкіндік беретін кәсіби және тұлғалық сапаларын отандық және шетелдік психологиялық әдебиеттердегі мәліметтерді жинақтап талдау; екіншіден, телефонмен кеңес берушінің кеңес берушілік әрекетінің ерекшеліктерін зерттеу; үшіншіден, телефонда кеңес берушілік саласындағы бар зерттеулердің теориялық талдамдарының негізінде «Сенім телефонында» істейтін эффективті кеңес берушінің тұлғалық үлгісін құру. Демек, «Сенім телефонында» қызмет ететін кеңес беруші маманның тұлғалық және кәсіби сапаларының көрінісі олардың кәсіби әрекетінің тиімділігінің көрсеткіштері мен құрылымдарына негізделген.

Тақырыптың теориялық–әдіснамалық негізі: тұлғаның психологиялық мәселесіне қатысты теориялық келістер, оның ішінде З.Фрейдтің, К.Юнгтің, В.Франкльдың, Ж.-П.Сартрдің, К.Роджерстің, Ф.Перлздің, Б.Г.Ананьевтің ұсынған тұлға туралы теориялары болды.

Қазіргі таңда Сенім телефоны «дағдарыс жағдайын» көбейтін және тұлғалар қолданады, қандайда болмасын эмоциялық дағдарыстарды алды алады: отбасы жағдайына байланысты проблемалар, жаңа жағдайға үйрену, мектептегі конфликтар және т.б.

Телефонмен көмек көрсетудің маңызды жағы, күндізгі және түнгі уақытта жылдам қол жеткізе алуы (Сенім телефоны тәулік бойында жұмыс істейді) және оның құпиялығы болып табылады [5, 14б.].

Сонымен қатар, Сенім телефонының қызметінің қасиеттерін келесідей етіп түсіндірейік:

- ✓ элиминирлік, басқаша айтқанда «анық емес» психотерапевтикалық сипаттағы телефонның көмегі, мұнда қауіпсіздік пен өзін-өзі бағалауды арттырады;
- ✓ кез-келген уақытта әңгімені үзуге болады, бұл дегеніміз психологиялық қауіпсіздікті сезінетін жандар үшін ыңғайлы.
- ✓ «коммуникациялық шектеу қою тиімді», себебі әңгіме тек қана бір жол арқылы болады, акустикалық каналдар, яғни бұл дегеніміз жағдайды вербализациялық ойлауын күшейтеді және қызбаланушылықтың күшейуіне әсер етді, үрей сезімін азайтып, психотерапевтті жүзеге асуына мүмкіндік береді, ол дегеніміз психотерапияның тиімділігін арттырады.
- ✓ «сенімнің әсері»: телефон байланысының ерекшелігі – абонент пен кеңес берушінің арасында сенімді әңгіме жылдам жүруіне әкелетін, сенім тудыратын жағдай.

Егер абонент депрессия жағдайында болса және өз-өзіне (суицид) қол жұмсау қаупі туса, онда кеңес беруші директивтік позициялық орынды алады. Отбасында, мектепте және т.б. жердегі дағдарыс жағдайындағы қарым-қатынаста басқа тактика қолданылады. Егер де әңгіме дұрыс жүрмей жатса, проблемалар жайлы хабарланып жатса, бірге шешім табуға тырысып, кеңес беруші тікелей кеңес бермеңіз, ол шешімді өзі қабылдау қажет, сіз соған қарай бағыттаныз. Осы жағдайларды ескере отырып, кеңес беру контактісі төрт кезеңнен тұратынын ата кеткеніміз жөн. Яғни,

- алғашқы кезең – контакт орнату, пациенттің эмоционалдық қабылдауы.
- екінші кезең – жағдайды жылдам арада басқарып кету, қалыптасқан жағдайларға байланысты, өмір жағдайына байланысты оны шешу, «қауіптілігін шешу».
- үшінші кезең – жоспарлау жағдайы, критикалық жағдайды шешу үшін қажет.
- төртінші кезең – белсенді түрде психологиялық қолдау көрсету.

Дегенмен, телефонның қызметінің қолайсыз жағы да бар: желідегі шу мен кедергілер байланысты қиындатады; кеңес беруші ауызша емес ақпараттан тапшы болуы, бұл жұмысты қиындатады, абоненттің кез-келген уақытта әңгімені үзіп жіберуі, кеңес берушінің жұмысын күрделі етеді. осының бәрі жұмыскердің біліктілік талабын арттырады.

Қызметтің кәсіби маңыздылығы және кеңес берушінің негізгі әрекеттері келесідей болады:

- тыңдауға кеңес беру, «Сенім телефоны» абоненттерін ақпараттандыру, қажет болған жағдайда телефонмен кеңес беру аясында – психотерапиялық тәсілдерді қолдану;
- қажетті қызметтік құжаттарды жүргізу. (Сенім телефоны түскен қоңырауларды тіркеу журналы, ауызша кеңестерді тіркеу журналы, пікір жазу журналы).
- кеңес беру топтарының жұмысына қатысу (оқу, біліктілікті арттыру, тренинг).
- әртүрлі шараларға қатысу (конференциялар, семинарлар, мектептер, тренингтер).

Қазақстандағы «Сенім телефоны» туралы мәліметтерді талдап көрейік: елімізде кейбір елдімекендерде «Сенің шешімің - Твой выбор» деген сияқты атпен көптеген сенім мен қолдау көрсететін қызметтер бар. Мысалы, сенім телефонының қызметінің бастауы 2007 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Сенім телефоны жұмыс істей бастады [6; 76].

Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысы бойынша 2009 жылдың желтоқсан айында «Сенің шешімің» қоғамдық қабылдауы мен Сенім телефонына 2 жыл толды. Оның нәтижесі қандай, осы уақыт ішінде біз қандай көмек көрсете білдік? Сонымен, осы екі жыл ішінде Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының балаларынан, ата-аналардан, азаматтардан 300 астам өтініш түсті. Өтініш білдірушілердің аймағы кеңеюде, біздің жұмысымыздың басында өтініштер тек қана өз қаламыздың тұрғындарынан түссе, енді басқа аймақтардан да өтініштер түсуде – Астана қаласынан, басқа елдерден – Ресей, Германия. Кеңес берушілермен сұхбаттасқан кезде көбінесе төмендегідей тақырыптар қозғалады:

- қорғаншылық және қамқорлыққа алу мәселелері
- әлеуметтік төлем ақылар төлеу бойынша өтініштер
- кәмелетке толмағандардың заңды құқықтарын қалпына келтіру
- тұрғын үй проблемаларын шешуге көмек көрсету
- құрбыларымен проблемалар (мектепте, аулада)
- білім беру мәселелері
- мектеп әкімшілігімен және басқа педагогтармен проблемалар.

Сенім телефонына қарт адамдар да, ата-аналарда өтініш білдіреді. 20–30 минуттық сенім сұхбаты олардың жандарын тыныштандырады, өздеріне сенімдік ұялатады, өздерінің проблемаларын шешуге болатындығына көздері жетеді. Бізге отбасында үнемі жан-жал болатын балалар мен жасөспірімдер өтініш білдіре алады, бірақ біздің тәжірибемізде өтініш білдірушілер ата-аналар болып табылады. Бізге хабарласқан әр бір

адам, оны тыянақты тыңдап, оған психологиялық көмек көрсететіндігіне, дағдарыстық жағдайдан шығуға көмек көрсететіндігіне сенімді болуы керек. Әрине, әрқашан ол адамды түсініп, ешқашан сөкпейді. Сенім телефонына хабарласудың негізгі себептері отбасыдағы конфликтер, әке мен бала қарым-қатынасы, махаббат проблемсы, жалғыздық, өзін-өзі қабылдамау, жұмыссыздық т.б

Сенім телефон қызметі өзінің қарапайым және байланысқа кірудің қол жетімділігімен, анонимді және құпиялығымен өзіне халықты назар аудартады. Осындай қызметтер адамның ішкі проблемаларын айтуға, квалификацияланған мамандар кеңесің қабылдауға жалғыз мүмкіндік беретін орталық. Сенім телефонына арналған әдебиеттер негізінен абонентпен әрекеттесу тәсілі мен анализ жасауға, абоненттің проблемаларын талдауға, проблемаларын квалификациялауға арналған .

Қазақстанда 2009 жылдың қазан айынан 211 сенім телефоны өз қызметтін бастады, осы күнге дейін саны оның артуда. Сенім телефонында сапалы психологиялық көмек алуға жүгінген тұлғалардың сұранысын қанағаттандыру ең бірінші сол қызметте жұмыс істейтін волонтерлерді, психологтарды дайындау. Сенім телефоны кез келген көмекке мұқтаж жандардың серігіне айналу керек. Балаларға қарсы зорлық-зомбылық көрсету, олардың еңбегін пайдалану, айлалы әрекеттер жасау, т.б. деректерге куә болған жағдайда, немқұрайлылық танытпау баршамыздың борышымыз екенін белгілі. Астана облыстық ішкі саясат департаментінің, қалалық ішкі саясат бөлімінің, облыстық қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері «жастардың психологиясын түсіну қиын» деп тұжырымдайды. Сол себепті кейде ата-ана мен бала арасындағы қатынас қиындап кететіні белгілі жағдай. Бірітіндеп қалыптасып келе жатқан жас тұлға біршама көбірек еліктеуге бейім келеді. Қылмыс, нашақорлық, ішімдікке салыну, жөн-жосықсыз қыдыру, көше кезу осы кезден бастау алады. Дәл осындай өтпелі кезеңде оларға кеңес беріп, кәсіби көмек көрсету сенім телефонымен жүзеге асырылады.

Тақырыпты қорытындылауда мынадай тұжырымдар жасай аламыз: жас тұлға мәселені өздігінен шеше алмайтындықтан, оған кішкене қиындық үлкен проблема ісияқты көрінеді. Тіпті барлық адамзат оған қарсы сияқты, қауқарсыз күйге ұшырайтындығы белгілі. Ол өзін тжайлы сезіну үшін үйден тыс кез келген уақытта кездуді жөн санайды. Өйткені күйзеліске түскен жас адамға туысқандар мен туғандардың ақыл-кеңесі оған қарсы шабуыл сияқты болып сезіліп, керісінше өзіне қасжаулардың уысына, ортасына қалай түсіп қалғанын өзі сезбей қалады. Жастар ішіндегісін ашып айтудан жасқанады, не қорқады. Ал жас өмірден мүлде түңілген ол өз-өзіне қол жұмсауы да жиі кездесіп жатады. Осындай олқылықтардың алдын-алу мақсатында қолға алынған 150 сенім телефонының пайдасы зор. Себебі, сырын ішіне сақтап, өзін жегідей жегеннен, телефон арқылы ойын ашық білдіріп, мамандар кеңесіне жүгінген анағұрлым тиімді әрі нәтижелі екеніндігі шындық. Үлкендер тарапынан жыныстық қатынасқа тартылу жағдайларының құрбандары, жастардың өзара қарым-қатынаста пайда болған түсініспеушілік салдарынан пайда болған мәселелер, отбасындағы қарым-қатынас, мектептегі іс-әрекет, жеке бас проблемалары, жалпы өмірдің мәнін ұғына алмайтын жасөспірімдер көбейіп кеткен шақта оларға тиісті кеңес беріп, тығырықтан алып шығар мамандар дайындау керек деген ұсыныстар айтылды. Жастардың құқықтарын қорғау, өмірдегі келеңсіз жағдайлардың алдын алу жайында ақпараттандыру, мұндай жағдайларға тап болғандарға психологиялық, құқықтық жәрдем беру мақсатын көздеген жұмыс тобы әрдайым көмекке мұқтаж жандардың жанынан табылуға дайын. Жалпы айтқанда, тарихи деректер бойынша ең бірінші ашылған сенім телефоны психологиялық көмек беру бағытында жұмысын дамытуға арнаған. Дағдарыс жағдайында адамдарға бағытталған бұл қызмет, психопрофилактикалық, әлеуметтік терапевттік, психологиялық кеңес беру, жұмыстарыммен ерекшеленді. Өзінің анонимдік, жедел хабарласушылық және тегін психологиялық көмек алушылығымен, халық арасында өзектілігімен, өз қажеттілігімен танылуда.

Қолданылған әдебиет

1. Хачатурян С.Д. Психологические условия эффективности функционирования «Телефонов Доверия». Учебно-методическое пособие. Владимир, 2000.
2. Базарбаева К.К. Қарым-қатынас психологиясы: оқу құралы. – Астана, 2011. – 172 б.
3. Айтышева А.М. Психологиялық кеңес беру іс-әрекетін жоғары мектептегі психологияны оқытумен байланыстыру мүмкіндіктері. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Хабаршысы. Ғылыми журнал. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. Астана, №8. 2010ж. Б.- 71.
4. Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау, Астана, 2013ж. -162б.
5. Джонсон В. Албука кризисной помощи //Телефон Доверия. Служба телефонной экстренной психологической помощи для подростков и молодежи / Институт молодежи. М., 2004.
6. Балалар қоғамдық қабылдауы және Сенім телефонына кезекшілік бойынша нұсқаулық. Астана, 2102ж.

ӘСКЕРИ-ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Хасанова А.С.

2 курс магистранты, 6М050300 «Психология» мамандығы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекші - Г. Айкинбаева

Әскери қызмет – кез-келген мемлекет азаматтарының Отанды қорғаудағы негізгі әрекет түрі. Мемлекет, әскери қызметтің мәні, өту тәртібі мен мазмұны, құқықтары мен міндеттері, әскери қызметкерлердің жауапкершіліктері туралы арнайы заңдар қабылдап, бекіткен. Әскери қызмет тек азаматтардың жоғары мәнге ие негізгі әрекет түрі ғана емес, сонымен қатар ерекше жағдайлармен байланысты қызмет түрі болып табылады. Бұл қызмет түрі, әскери қызметкерлерден үлкен физикалық қысым мен рухани күшті, моральді-жауынгерлік сапаны ұдайы жетілдіріп отыруды талап етеді. Әскери қызметке келген азаматтардан ереже бойынша олардың (жас жауынгерлердің) денсаулық жағдайына, кәсіби дайындық деңгейіне, моральдік-психологиялық ахуалдарына жоғары талаптар қояды. Әскери қызметтің негізгі ерекшелігі – әскери қызметке қабылданған әрбір азаматтың міндетті түрде жауынгерлік антты қабылдауы. Әскери қызметкер (жас жауынгер) ант қабылдай отырып, толық қызметтік құқыққа ие болады және оған қызметтік міндеттер жүктеледі. Жас жауынгерлердің және де басқа да әскери қызметкерлердің берген анттарын бұзудың салдары, дисциплинарлық және қылмыстық жауапкершілікке алып келеді. Әскери қызметтің басқа қызмет түрлерінен айырмашылығы, бұл қызметтің өткір міндеттемелік сипаты және әскери қызметкерлердің өздерінің қызметтік міндеттерін орындауының жоғары деңгейде болуы.

Жауынгерлік әрекеттің негізгі аймағы қарулы күрес және осы қарулы күреске әскери бөлімдердің құрамының дайындығы. Бұл қызмет түрі адам әрекетінің спецификалық сипатына ие. Әскери-жауынгерлік қызмет басқа барлық қызмет түрлерінен өзінің тапсырмаларымен, мақсатқа жету құралдарымен, тәсілдерімен және жағдайларымен ерекшеленеді. Жауынгерлердің бейбіт кезеңдегі дайындығы, оларға кенеттен жүктелетін міндеттерді сәтті орындауы үшін, ұдайы жауынгерлік дайындықты ұстап тұру мен тұлғаның моральдік-психологиялық ахуалын сақтап тұруға негізделген.

М.В. Фрунзенің айтуы бойынша: «Әскери мекеме – өзінің мүшелерінен ерекше нақтылықты, орындаушылықты, шыдамдылықты, барлық өкімді орындаудағы жылдамдықты талап ететін спецификалық ұйым...» [1, 63б]. Барлық жауынгерлік әрекеттер Қарулы күштер тарапынан арнайы бұйрықтармен, нұсқаулармен реттеліп